



Бос лауазымдарға орналасуға ашық конкурс өткізу туралы хабарландыру

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің Көкшетау қаласы № 6 мектеп-лицейі» КММ педагогтардың бос лауазымдарына орналасуға ашық конкурс жариялайды:

1. Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің Көкшетау қаласы «№ 6 мектеп-лицейі» КММ.

Почта мекенжайы: 020000 Көкшетау қ, Б.Әшімов көшесі 191

Телефон: 87162-40-22-25

Электронды почта: kokscheschool6@mail.ru





2. Бос лауазымның атауы:

- мемлекеттік және орыс тілдерінде оқытатын педагог-психолог – 2 жүктеме
- орыс тілінде оқытатын сыныптардағы география пәнінің мұғалімі – 20 сағат
- орыс тілінде оқытатын сыныптардағы математика пәнінің мұғалімі – 16 сағат
- әлеуметтік педагог \ негізгі қызметкер\ - 1 ставка

Лауазымдық жалақысы еңбек сіңірген жылдарына байланысты 185000 теңгеден 333836 теңгеге дейін.





Байқау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 өзгерістерімен) сәйкес "Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын және педагогтарын лауазымға тағайындау, босату қағидаларын бекіту туралы" бұйрық негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) Осы қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттар тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) Жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке тұлғаны сәйкестендіру үшін);
- 3) Тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген кадрларды есепке алу жөніндегі толтырылған жеке парақ (міндетті түрде көрсету қажет);
- 4) Лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім туралы құжаттардың көшірмелері, педагогтарға арналған Типтік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген; (Сондай-ақ, егер дипломда тегі, аты-жөні өзгерген болса, неке туралы куәлікті қоса ұсыныңыз)
- 5) Еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (болған жағдайда);
- 6) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген "Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" қаулысына сәйкес 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 тіркелген);





Конкурса қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;
- 8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;
- 9) Сертификациядан өткендігі туралы сертификат немесе "педагог-модератордан" төмен емес қолданыстағы біліктілік санаты бар екенін растайтын куәлік (болған жағдайда);
- 10) Ағылшын тілі педагогтарының лауазымына кандидаттар үшін: пән бойынша 90%-дан төмен емес шекті деңгейдегі сертификат немесе педагог-модератор, педагог-эксперт, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаты бар екенін растайтын куәлік (болған жағдайда), немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults, Cambridge) PASS A сертификаты; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass және одан жоғары; немесе IELTS – 6,5 балл; немесе TOEFL (Internet Based Test (iBT)) – 60–65 балл сертификаты;
- 11) Бос немесе уақытша бос педагог лауазымына кандидаттың бағалау парағы, осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес толтырылған;
- 12) Жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша) және оқу орнынан ұсыныс хат;
- 13) 114-бапқа сәйкес, кандидат болған жағдайда өзінің білімі, еңбек тәжірибесі, кәсіби деңгейі туралы қосымша ақпарат ұсынады (біліктілікті арттыру туралы құжаттар көшірмелері, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар берілуі, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары).





Конкурсқа қатысушыларға назарына! Күжаттар электронды түрде НОБД «Жұмысқа қабылдау» базасы арқылы қабылданады, сілтеме бойынша: <https://hr-nobd.edu.kz/#/sign-in>

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы № 57 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы № 57 бұйрығымен өзгертілген) сәйкес «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтарын лауазымға тағайындау және босату қағидаларын бекіту туралы» Қағидалардың 116-бабына сәйкес, осы Қағидалардың 113-бабында көрсетілген құжаттардың біреуінің жоқтығы кандидатқа құжаттарды қайтару себебі болып табылады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландырудың жарияланған **соңғы күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде** жүзеге асырылады.

Осы Қағидалардың 133-бабында көрсетілген құжаттардың біреуінің жоқтығы кандидатқа құжаттарды қайтару себебі болып табылады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар кандидат тарапынан «№6 мектеп-лицейі» КММ ресми сайты — <http://sc0006.kokshetau.aqmoedu.kz/> және Instagram парақшасы — kokscheschool6 жариялаған хабарландырудың келесі жұмыс күнінен бастап жеті жұмыс күні ішінде НОБД базасына <https://hr-nobd.edu.kz/#/sign-in> сілтемесі арқылы жүктелуі тиіс.

Комиссия отырысының нәтижелері 2025 жылғы 15 қазан НОБД базасында жарияланады.





Қатысушыларға үлкен өтініш: құжаттарды жүктегеннен кейін, НОБД базасындағы жеке кабинетіңізді үнемі қарап отырыңыздар, себебі комиссия ұсыныстар береді және ескертулерді жоюға уақыт белгілейді!

